

Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Кеден одағының "Парфюмериялық-косметикалық өнімнің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 009/2011) талаптарын сақтау қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды және зерттеулер (сынақтар) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Кеден одағының "Парфюмериялық-косметикалық өнімнің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 009/2011) талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарламаға өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 11 мамырдағы № 54 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 51-бабы 1-тармағының 11 және 12-тармақшаларына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысының регламентіне № 2 қосымшаның 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 8 қарашадағы № 167 шешімімен бекітілген Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Кеден одағының "Парфюмериялық-косметикалық өнімнің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 009/2011) талаптарын сақтау қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды және зерттеулер (сынақтар) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Кеден одағының "Парфюмериялық-косметикалық өнімнің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 009/2011) талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарламаға қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2023 жылғы 11 мамырдағы
№ 54 шешіміне
ҚОСЫМША

Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Кеден одағының "Парфюмериялық-косметикалық өнімнің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 009/2011) талаптарын сақтау қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды және зерттеулер (сынақтар) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Кеден одағының "Парфюмериялық-косметикалық өнімнің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 009/2011) талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарламаға енгізілетін өзгерістер

1. 13, 29 және 30-позициялар алып тасталсын.
 2. Мынадай мазмұндағы 52 – 62-позициялармен толықтырылсын:
- "

52	71.100.70	Парфюмериялық-косметикалық өнімдер. Талдамалық әдістер. Термиялық ыдырау және атомдық абсорбциялық спектрометрия (сынап анализаторында) арқылы сынаптың із мөлшерін тікелей анықтау. ISO 23674: 2022 негізінде МемСТ әзірлеу	5-баптың тармағы	5-	2024 жыл	2026 жыл	Беларусь Республикасы
53	71.100.70	Парфюмериялық-косметикалық өнімдер. Талдамалық әдістер. Қысыммен ыдырағаннан кейін суық бұдың атомдық абсорбциялық спектрометриясы арқылы сынаптың із	5-баптың тармағы	5-	2024 жыл	2026 жыл	Беларусь Республикасы

		мөлшерін анықтау. ISO 23821:2022 негізінде МемСТ әзірлеу				
54	71.100.70	Парфюмериялық-косметикалық өнімдер. А спектрінің ультракүлгін сәулелерінен қорғаныс факторының in vivo шамасын анықтау әдісі. ISO 24442-2016 МемСТ қайта қарау және ISO 24442:2022 негізінде МемСТ әзірлеу	6-баптың 4 және 6 - тармақ-тары	2024 жыл	2026 жыл	Беларусь Республикасы
55	71.100.40 07.100.40	Парфюмериялық-косметикалық өнімдер. Микробиология. Ашытқы мен зеңді санау. ISO 16212-2020 МемСТ өзгерістер енгізу	5-баптың 4 және 7 - тармақ-тары	2024 жыл	2026 жыл	Беларусь Республикасы
56	71.100.40 07.100.40	Парфюмериялық-косметикалық өнімдер. Микробиология. Ерекше және ерекше емес микроорганизмдерді анықтау. ISO 18415-2020 МемСТ өзгерістер енгізу	5-баптың 4 және 7 - тармақ-тары	2024 жыл	2026 жыл	Беларусь Республикасы
		Парфюмериялық-косметикалық өнімдер.				

57	71.100.40 07.100.40	Микробиология. <i>Candida albicans</i> анықтау. ISO 18416-2018 МемСТ өзгерістер енгізу	5-баптың 4 және 7-тармақ-тары	2024 жыл	2026 жыл	Беларусь Республикасы
58	71.100.40 07.100.40	Парфюмериялық-косметикалық өнімдер. Микробиология. Мезофильді аэробты бактерияларды санау және анықтау. ISO 21149-2020 МемСТ өзгерістер енгізу	5-баптың 4 және 7-тармақ-тары	2024 жыл	2026 жыл	Беларусь Республикасы
59	71.100.40 07.100.40	Парфюмериялық-косметикалық өнімдер. Микробиология. <i>Escherichia coli</i> анықтау. ISO 21150-2018 МемСТ өзгерістер енгізу	5-баптың 4 және 7-тармақ-тары	2024 жыл	2026 жыл	Беларусь Республикасы
60	71.100.40 07.100.40	Парфюмериялық-косметикалық өнімдер. Микробиология. <i>Pseudomonas aeruginosa</i> анықтау. ISO 22717-2018 МемСТ өзгерістер енгізу	5-баптың 4 және 7-тармақ-тары	2024 жыл	2026 жыл	Беларусь Республикасы
61	71.100.40 07.100.40	Парфюмериялық-косметикалық өнімдер. Микробиология. <i>Staphylococcus aureus</i> анықтау.	пункты 4 и 7 статьи 5	2024 жыл	2026 жыл	Беларусь Республикасы

		ISO 22718-2018 МемСТ өзгерістер енгізу				
62	71.100.40 07.100.40	Парфюмериялық-косметикалық өнімдер. Микробқа қарсы белсенділікті анықтау әдістері. 34803-2021 МемСТ өзгерістер енгізу	6-баптың 4 және 5 - тармақ-тары	2024 жыл	2026 жыл	Беларусь Республикасы
